- Құрылғыны жерге қосатын өткізгіш дұрыс жалғанбаса, электр қатері орын алады. Кептіргіштің жерге дұрыс қосылғанына күмәндансаңыз, білікті электршіге немесе қызмет көрсету технигіне хабарласыңыз. Кептіргішпен бірге берілген ашаны өзгертпеңіз, егер розеткаға сыймаса, білікті электршіге дұрыс розетка орнатқызыңыз.
- Өрт, электр қатеріне немесе адамның жарақат алуына жол бермеу үшін, барлық сым тарту және жерге қосу жұмыстарын жергілікті стандарттарға сәйкес орнату керек, егер мұндай жергілікті стандарттар болмаса, кептіргішті электр желісіне дұрыс қосу - сіздің жауапкершілігіңіз.

Жерге қосу

Кептіргішті жерге қосу керек. Кептіргіш дұрыс жұмыс істемесе немесе сынып қалғанда, жерге тұйықтау - электр тоғына кедергісі ең аз жол көрсету арқылы электр қатерін азайтады.

Кептіргішіңіз дұрыс орнатылған және жерге қосылған розеткаға жалғауға арналған, үш істікшелі ашасы бар қуат сымымен жабдықталып жеткізіледі.

ЕСКЕРТПЕ

Жерге қосатын сымды ешқашан пластик құбырларға, газ жүйелеріне немесе ыстық су құбырларына тұйықтамаңыз.

Құрылғыны және тұйықтау өткізгішін дұрыс орнатпаған кезде, электр қатері пайда болады.

Кептіргіштің жерге дұрыс қосылғанына көзіңіз жетпесе, білікті электршіге немесе қызмет көрсету маманына хабарласыңыз. Кептіргішпен бірге жеткізілген ашаны өзгертпеңіз. Егер ол розеткаға сай келмесе, электр маманын шақыртып, сай келетін розетка орнаттыртып алыңыз.

ЕСКЕРТУ

Құрылғы жерге қосылмаған болса, өрт немесе электр қатері шығатын қауіп бар.

Қатарластыра орнату

Дұрыс орнату үшін білікті маманды жалдауды ұсынамыз. Орнату үшін:




- А. Деңгей
В. Өзгермелі тірек

1. Кептіргішті орнату үшін тиісті орынға апарыңыз. Кептіргіш пен кір жуғыш машинаны қатарластыра орнатуды ойластырыңыз. Еденге екі картон сынама қағазын төсеңіз. Кептіргішті екі картон төсеменің үстіне, бүйір жағымен жатқызып қойыңыз.
2. Кептіргішті тіктеп орнатып қойыңыз.
3. Кептіргіштің деңгейін тексеру үшін (А) **деңгейін** пайдаланыңыз. Не болмаса, кептіргіштің астыңғы жағындағы **реттелмелі тіректерді (В)** пайдаланыңыз. Кептіргіштің деңгейі реттелгенше реттеңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Кептіргіш оңтайлы жұмыс істеу үшін, дұрыс деңгейленіп тұруы керек.
- Діріл, шуыл, кептіргіштің күтпеген жерден қозғалып кетуі тәрізді нәрселерді болдырмау үшін, еден тегіс, қатты болуы керек.

Орнату



ЕСКЕРТПЕ

- Кептіргішті кір жуғыш машинамен деңгейлестіре орнату үшін, реттелмелі тіректі сағат тілінің бағытына қарсы бұрап, **(А) толығымен тартып**, содан кейін оларды сағат тілінің бағытымен бұрап **(В) босатыңыз**.
- Реттелмелі тіректерді кептіргішті деңгейлеу үшін қажетінше реттеңіз. Реттелмелі тіректі қажетінен артық ұзартса, кептіргіш дірілдеуі мүмкін.

- "Электр қосылымына қойылатын талаптар" бөлімін қараңыз (16-бетін қараңыз). Іске пайдалану немесе сынақтан өткізу алдында.
- Деңгей тексергіштің көмегімен кептіргішті тексеріп, реттелмелі тіректерге қажетті өзгерістерді енгізіңіз.
- Кептіргішті тоққа қосып, төмендегі тексеру тізімін пайдаланып, жұмысын тексеріңіз.

Соңғы орнатуды тексеру тізімі

- Кептіргіш электр желісіне қосылып, жерге тиісінше тұйықталып тұр.
- Кептіргіш деңгейленген және еденге дұрыс орнатылған.
- Кептіргіштің жұмыс істейтінін, қыздыратынын және сөнетінін тексеру үшін іске қосыңыз.
- Ең соңында, "НС" белгісінің **ВРЕМЯ СУШКИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ)** функциясын 20 минут бойы қосқанда көрінетін-көрінбейтінін тексеріңіз.


Су сауытын пайдаланбай, су төгу

Келесі процедураларды пайдаланып, кептіргішті су сауытын пайдаланбай қолдануға болады.


Суды жақсы төгу үшін су төгетін түтікті орнатыңыз.

- Әйтпесе, су ағып кетіп, мүліктерге зақым келтіруі мүмкін.


Су төгетін түтікті жалғау



Кептіргіш өзінің сыртына жиналған конденсат суды су төгетін түтікпен тура төге алады.
Су төгетін түтікті жалғау процедуралары төменде көрсетілген.




1. Су төгетін түтікті (A) ағытыңыз.



2. Су төгетін түтікті (A) басқа тесікке жалғаңыз.

Орнату



3. Керек-жарақ ретінде берілген түтікті (су төгетін ұзын түтік) **су төгетін (B)** түтік жалғанған тесіктің қасындағы тесікке жалғаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Кептіргіштің сорғысы төгілген суды 90 см биіктікке ғана көтере алатын болғандықтан, **су төгетін түтікті (B)** су төгетін тесікке жалғаған кезде, су төгу нүктесінің биіктігі 90 см-ден аспайтынына көз жеткізіңіз. Төгу нүктесінің биіктігі 90 см-ден асса, су төгуді тексеру керек болуы мүмкін. Су төгуді тексеру қажет болғанда, басқару панелінде тексеру коды пайда болады
- Су төгетін түтікті жалғағаннан кейін конденсат суды төгу тесігі арқылы су төгетін түтікпен төгуге немесе раковина арқылы не раковинаның су төгетін құбыры арқылы төгуге болады.



Су төгетін түтікті жалғау

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Су төгетін түтікті ұзартпаңыз.

- Қосылған жерінен су ағуы мүмкін болғандықтан, қысқа түтіктердің орнына ұзын су төгу түтігін жалғаңыз. Бір түтіктен көп түтік жалғай алмасаңыз, қосылған жерлерін силикон бітегішпен тұмшалаңыз. (Тұмшалау үшін электр желісіне арналған лентаны пайдаланбаңыз.)


Су төгетін түтіктің ұшын үш түрлі тәсілмен жалғауға болады:



- Ванның жиегінен асыра іліп қою:
Су төгетін түтікті 90 см-ден төмен жерге орнату керек. Су төгетін түтіктің ұшын жердің үстіне орналастыру керек болса, **60–90 см (*)** биіктікте орнатуды ұсынамыз. Су төгетін түтіктің ұшын иілген қалпы ұстау үшін, жинақпен бірге берілген пластик түтік бағыттағышты пайдаланыңыз. Су төгетін түтік жылжып кетпес үшін, бағыттағышты қабырғаға ілмек арқылы бекітіңіз немесе шүмекке сыммен байлаңыз.
- Су төгетін түтікті (A) және түтік бағыттағышты (B)** орнатып, оларды **кабель қапсырмасымен (C)** бекітіңіз.
- Конденсат суды керек-жарақ ретінде берілген түтікті (су төгетін ұзын түтік) су төгетін тесікке тура жалғап, төгуге болады.

Түтікті тура жалғау

Кептіру барысында пайда болатын конденсат суды, су төгетін түтікті кранға жалғап, тура төгуге болады.



- Түтік қосқышты (A) және түтікті** құрастырыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Түтік қосқыштан және керек-жарақ ретіндегі түтіктен су ағатын қауіп бар болғандықтан, олардың берік қосылғанына көз жеткізіңіз.

Орнату




2. Түтіктің ұшын кранға жалғаңдар.


Бірінің үстіне бірін орнату

Қосымша бірінің үстіне бірін орнату жинағын сатып алу керек болса, Samsung қызмет көрсету орталығына немесе жергілікті дистрибьюторларға хабарласыңыз. (Бөлшек №. SK-DH / SK-DA / SKK-DF) Бірінің үстіне бірін орнату жинағы үлгі түріне қарай әр түрлі болады.

Құрылғыны бірінің үстіне бірін орнату жинағын орнатып болғаннан кейін 1 сағат өткен соң ғана, құрылғыны қисайтып тұрып, компрессор ішіндегі май тұрақтанғанда ғана пайдаланыңыз.



1. Кептіргішті абайлап бүйір жағына жатқызыңыз. Кептіргіштің беткі қабатына зақым келтірмеу үшін орам материалын пайдаланыңыз.




2. Кептіргіштің табанына резеңке төсеніштер қойыңыз.
 - Бөлшектер салынған қалтадан 4 резеңке төсенішті табыңыз. Резеңке төсеніштерді астыңғы жағындағы деңгейлеу тіректері орнатылған тесіктерге салыңыз.
 - Бірінің үстіне бірін орнату жинағын жеке сатып алыңыз.
3. Кептіргішті тігінен орнатыңыз.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Бірінің үстіне бірін орнату жинақтарын тек Samsung өнімдері үшін ғана қолдануға болады.



A. Брекeт тәсілімен орнату



B. Бұранда

4. Брекeттi кептіргішке орнатыңыз.

- Артқы сол жағынан шайбаның үстіңгі бұрандасын алыңыз. Сол жақ брекeттің тесіктерін құрылғының артқы сол жағындағы бұранда тесігіне кептіріп, бұранданы салыңыз.
- Жоғарыдағы қадамды оң жақта қайталаңыз.

ЕСКЕРТПЕ


Кептіргіш тесіктерін оңай реттеу үшін бұранданы бастау қалдырыңыз.

5. Кептіргішті және брекeттi кiр жуғыш машинаның үстіне орнатыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Кептіргішті кiр жуғыш машинаның үстіне қойыңыз. Кiр жуғыштың басқару панелін картонмен немесе басқа нәрсемен қорғаңыз. Кiр жуғыш машинаның басқару панелін жаппау үшін, кептіргішті жоғары қойыңыз. Адамды жарақаттау. Кептіргішті екіден көп адам көтеріп, орнына қояды ұсынамыз, себебі оның салмағы ауыр. Нұсқау орындалмаса, адам жарақат алуы мүмкін.
- Брекeттің тесіктерін кептіргіштің артқы жағындағы тесіктерге дәл келтіріңіз. Айқыш ұшты бұранда бұрағышты пайдаланып, M4 x 12 бұрандаларын бұраңыз.
- Машина брекeтінің бұрандаларын қатайтып, содан кейін барлық бірінің үстіне бірін орнату жинағының бұрандаларын қатайтыңыз.

Орнату



C. Кептіргіш

D. Кір жуғыш машина

6. Орнату жұмыстарын аяқтау




ЕСКЕРТУ

- Кір жуғыш машинаны орнатуды аяқтау үшін кір жуғыш машинаны орнату нұсқауларын қараңыз.
- Кептіргішті орнатуды аяқтау үшін кептіргішті орнату нұсқауларын қараңыз.
- Бірінің үстіне бірі орнатылған кір жуғыш машина мен кептіргішті абайлап орнына сырғытыңыз не апарыңыз. Оңай жылжыту және еденді қорғау үшін киіз төсеме не сырғыту құралы тәрізді нәрсені пайдаланыңыз.
- Кір жуғыш машинаға орнатылған кептіргішті итеруге болмайды. Кептіргішті итерген кезде, саусақтарыңызды қыстырып алуыңыз мүмкін.

Іске кірісу алдында

Сүзгі корпусын тазалау



1. Есікті ашып, **(A) сүзгіні** жоғары қарай тартып алыңыз.
2. Сүзгі корпусын ашыңыз және тазалаңыз.
 - Сүзгі корпусын кептіру циклы аяқталғаннан кейін тазалаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Сүзгі корпусын көрсетілген уақыт өткеннен кейін тазаламаса, кептіру сапасы төмендеуі немесе өрт пайда болатын қауіп бар болғандықтан, сүзгі корпусын көрсетілген тазалау уақыты келгенде тазалап отырыңыз.
- Сүзгі корпусын кептіру циклы аяқталған сайын тазалаңыз.
- Қызу алмастырғышты 2 цикл өткен сайын тазалаңыз. Толығырақ ақпаратты, **40-беттегі "Қызу алмастырғыштың сүзгісін тазалау **" тармағынан қараңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Сүзгінің беткі жағы дымқыл болса, сүзгіні әбден кептіріп алғаннан кейін пайдаланыңыз.

Іске кірісу алдында

Кептіру торы (DV9 сериялы үлгілерде ғана)

Кептіру торын орнату



A. Кептіру торы

1. Кептіргіштің есігін ашыңыз.
2. Кептіру торының алдыңғы шетін қыл-қыбыр сүзгісінің корпусының үстіне кептіру арқылы, оны кептіргішке орнатыңыз.
3. Артқы тіректерін кептіргіштің артқы қабырғасындағы екі ойыс жерге келтіріп, содан кейін кептіргіш торды төмен басып бекітіңіз.
4. Кептірілетін заттарды кептіргіш торға, араларын ауа айналу үшін ашық қалдырып орналастырыңыз.
5. Кептіргіштің есігін жабыңыз.
6. **Қуат** түймесін басыңыз.
7. Таңдау дискінің көмегімен **ВРЕМЯ СУШКИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ)** параметрін таңдап, **Время (Уақыт)** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Кептіру уақытын 150 минутқа дейін орнатуға болады. Уақытты кірлердің ылғалдылық деңгейі мен салмағына қарай таңдаңыз. Ұзағырақ кептіру уақыты қажет болса, таймерді бастапқы қалпына қайтару қажет болуы мүмкін. (Кірлерді кептіру торына қойып кептіргенде, **ВРЕМЯ СУШКИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ)** циклын пайдалануды ұсынамыз.)
8. **Бастау/Үзіліс** түймесін басыңыз.

Кептіру торымен кептіруге қатысты ұсыныстар

Заттар	Ескерімдер (Макс. 1,5 кг)
Жууға болатын свитерлер (пішімін сақтап бүктеп, тордың үстіне қойыңыз)	Заттарды кептіргіш торға қойып кептіргенде, қыжымданып қалмас үшін бүктеп, тордың үстіне қойыңыз.
Жұмсақ ойыншықтар (мақта мата немесе полиэстер талшығы толтырылған)	
Жұмсақ ойыншықтар (көбік немесе резеңке толтырылған)	
Көбікті резеңке жастықтары	
Аяқ киімдер	Аяқ киімдерді кептіру үшін, оларды кептіргіш тордың үстіне табандарын төмен қаратып қою керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Көбікті резеңке, пластик немесе резеңкені қызу параметрін орнатып кептіргенде, бұл заттарға зақым келіп, өрт шығуы мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Аяқ киімдерді кептіргенде, кептіргішке зақым келмеу үшін жинақпен бірге берілген кептіргіш торды пайдаланыңыз.

Кептіргішті дұрыс толтырыңыз

- Кептіргішке бір салғанда, тек бір жуу партиясын ғана салыңыз.
- Ауыр және жеңіл маталарды араластырып салғанда, әр түрлі кебуі, нәтижесінде кептіру циклының соңында жеңіл заттар тез кеуіп, ауыр заттар дымқыл қалпы қалуы мүмкін.
- Тек бір не екі затты ғана кептірген кезде, осыған ұқсас бір немесе екі затты қосып салыңыз. Бұл кептіру әрекетін жақсартады, нәтижесінде кептіру тиімділігі артады.
- Көп зат салсаңыз, кептіру мүмкіндігі шектеледі, нәтижесінде заттар әр түрлі деңгейде кебеді және кейбір заттар қыжымданады.
- Міңдетті түрде кір жуғыш машинада сығылған кірлерді салыңыз.
- Жуылмаған маталарды кептіруге болмайды.
- Май, спирт, бензин, т.б. тәрізді заттар жұққан маталарды кептіруге болмайды.

Іске кірісу алдында

Іске кірісу

1. Кептіргішке заттарды нығап салмаңыз – шамадан тыс ЖҮК САЛМАҢЫЗ.
2. Есікті жабыңыз.
3. Кірге сай келетін циклды және параметрлерді орнатыңыз.
4. **Бастау/Үзіліс** түймесін басыңыз.
5. Кептіргіштің индикаторы жанады.
6. Дисплейде есептелген цикл уақыты көрсетіледі.
Уақыт циклда қалған кептіру уақытын нақтырақ көрсету үшін ауытқып тұруы мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ

- Цикл аяқталғанда дисплейде **“End (Аяқтау)”** (немесе **“0”**) пайда болады.
- Қуат түймесін басқанда, цикл және кептіргіш тоқтайды.
- Кептіру, Салқындату және Қыжымданудан сақтау индикаторлары циклдың тиісті кезеңдерінде жанады.


Іске пайдалану

⚠ ЕСКЕРТУ

Бұл құрылғыны іске пайдалану алдында, өрт, электр қатерін немесе адамдардың жарақат алу қаупін азайту үшін қауіпсіздік ақпаратын оқыңыз.

Қыжымданудан сақтау опциясы таңдалмаса, кірді жуып және кептіріп болғаннан кейін дереу алыңыз. Барабанның ішінде кір қалдырсаңыз, қыжымданып қалуы мүмкін.

Басқару панеліне шолу жасау



01 Сандық сызбалы дисплей	Кептіру циклінің соңына дейін қалған уақытты, циклге қатысты барлық ақпаратты және ақаулық хабарларын көрсетеді. Дисплей терезесінде Бастау/Үзіліс түймесін басқаннан кейін циклдың соңына дейін қалған уақыт көрсетіледі. Цикл алға басқан сайын цикл соңына дейін қалған есептелген уақыт ауытқып тұруы мүмкін. Кептіру индикаторы жанып, цикл аяқталғанша жанған қалпы тұрады. Кептіргіш салқындату режимінде тұрғанда, Салқындату индикаторы жанып тұрады. Кептіргіш Защита от сминания (Қыжымданудан сақтау) циклында тұрғанда, Қыжымданудан сақтау индикаторы жанып тұрады. Кептіргіш Защита от сминания (Қыжымданудан сақтау) циклын орындап тұрғанда, уақыт дисплейінде үлкен шеңбер көрсетіліп тұрады. Цикл аяқталғанда уақыт дисплейінде "End (Аяқтау)" немесе "0" пайда болады. Кептіргішті сөндіру үшін Бастау/Үзіліс немесе Қуат түймесін басыңыз, содан кейін есікті ашыңыз.
02 Цикл таңдау тетігі	Кептіргішті қосқанда, әдепкі параметр ретінде Хлопок (Мақта мата) (ДЕЛИКАТНЫЕ ТКАНИ (ШКАФҚА)) циклы таңдалып тұрады. Цикл таңдау дискін бұрап циклды таңдаңыз.

Іске пайдалану

Іске пайдалану

03 Защита от сминания (Қыжымданудан сақтау)	Защита от сминания (Қыжымданудан сақтау) циклы, циклдың соңында қыжымдануды азайту үшін қыздырылмаған ауамен шамамен 120 минутқа дейін кірді ара-тұра кептіріп тұрады. Бұл функцияны қосу үшін Защита от сминания (Қыжымданудан сақтау) түймесін басыңыз. Защита от сминания (Қыжымданудан сақтау) циклы таңдалғанда, индикатордың шамы жанады. Кептіру циклы аяқталғаннан кейін барабанды мезгіл-мезгіл айналдырып, кірдің қыжымдануын болдырмауға болады. (Кептіргіш Защита от сминания (Қыжымданудан сақтау) циклын орындап тұрғанда, уақыт дисплейінде үлкен шеңбер көрсетіліп тұрады.)
04 Уровень сушки (Құрғақтық деңгейі)	Хлопок (Мақта мата), Синтетика циклдарында Құрғақтық деңгейін таңдау үшін Уровень сушки (Құрғақтық деңгейі) түймесін басыңыз. 1-ден 3-ке дейінгі деңгейлерді шолу үшін түймені басыңыз. Үлкен немесе ірі заттарды әбден кептіру үшін, ең жоғарғы деңгей болып табылатын 3-ші құрғақтық деңгейін таңдау қажет болуы мүмкін. 1-ші деңгей жалпағынан қойылған не кептіру үшін ілінген заттарды кептіру үшін қолданылады.
05 Время (Уақыт)	ВРЕМЯ СУШКИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ), ТЕПЛЫЙ ВОЗДУХ (ЖЫЛЫ АУА), ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА) циклдарын пайдаланған кезде, уақытты Время (Уақыт) түймесін басып реттеуге болады. 30 мин > 60 мин > 90 мин > 120 мин > 150 мин (120 мин және 150 мин уақыт опциялары ТЕПЛЫЙ ВОЗДУХ (ЖЫЛЫ АУА) және ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА) циклдарында жұмыс істемейді.) ВРЕМЯ СУШКИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ), БЫСТРАЯ СУШКА (ЖЫЛДАМ КЕПТІРУ), ТЕПЛЫЙ ВОЗДУХ (ЖЫЛЫ АУА), ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА) циклдарынан басқа циклдарда уақыт индикаторын қолдан реттеу жұмыс істемейді, себебі нақты кептіру уақыттары - ауытқып тұрған ылғалдылық деңгейлеріне байланысты.
06 Сигнал смешанной загрузки (Аралас мата қоңырауы)	Бұл ескерту пайдаланушыға кірдің ішінде әр түрлі материалдар мен маталар болған кезде, орташа кептіру деңгейі - дымқыл құрғақ (80 % кепкен) екенін ескертуге арналған. Тиісті жағдайлар қанағаттандырылған жағдайда Аралас кір қоңырауы  индикаторы жыпылықтайды.  ЕСКЕРТПЕ Бұл Шкафқа немесе Өте құрғақ циклдары қосұлы болса ғана жұмыс істейді.

07 Подсветка барабана (Шам)	Кептіргіш жұмыс істеп тұрғанда, кептіргіш барабанын жарықтандырады. ЕСКЕРТПЕ Бұны кептіргіш жұмыс істеп тұрса да, тоқтап тұрса да орнатуға болады. Егер Подсветка барабана (Шам) қосылғаннан кейін 5 минут ішінде сөндірмесеңіз, ол автоматты түрде сөнеді.
08 Звук вкл./выкл. (Дыбысты Қосу/Сөндіру)	Звук вкл./выкл. (Дыбысты Қосу/Сөндіру) функциясын барлық цикл кезінде таңдауға болады. Осы функцияны таңдаған кезде, барлық цикл кезінде дыбыстық сигнал өшіп тұрады. Тіптен қуат үздіксіз қосылып, сөніп тұрса да, параметр өз орнында қалады.
09 Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)	Қолжетімді Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау) опцияларын шолу үшін осы түймені қайта-қайта басыңыз. (1 сағаттан 24 сағатқа дейін бір сағатқа арттыра отырып). Көрсетілген уақыт - кептіру циклінің аяқталатын уақытын көрсетеді. Толық ақпаратты 36 -бетінен қараңыз.
10 Бастау/Үзіліс	Циклды бастау үшін басыңыз. Кептіргіш жұмыс істеп тұрса, бір рет басыңыз, сонда кептіргіш кідіреді. Кептіру циклын қайта бастау үшін бір рет басыңыз.
11 Қуат	Кептіргішті қосу үшін бір рет басыңыз, сөндіру үшін қайта басыңыз. Кептіргіштің ешбір түймесі 10 минуттан артық уақыт басылмай тұрса, қуат автоматты түрде сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

Кір жуғыш машина кірді жаңа ғана жуып не айналдырып болғаннан кейін, кептіргіште кір оратылып тұрғанда оған кір қосып салсаңыз, кептіру тиімділігін төмендетуі немесе есік ашылып кетуі мүмкін. Кір салудың алдында кірдің шиеленісіп қалғанын жазу керек.

ЕСКЕРТПЕ

Сызбалы дисплейдегі әр индикатор мынаны көрсетеді:

	Кептіруде		Бала қауіпсіздігінің құралын Қосу/Сөндіру
	Салқындатуда		Қыжымданудан сақтау
	Тоқтату		Қызу алмастырғыштың сүзгісін тазалау
	Қыжымданудан сақтау үстінде		Дыбысты Қосу/Сөндіру
	Сүзгіні тексеру		Аралас мата қоңырауы
	Кешіктіріп аяқтау		Smart Check
	Конденсат суды төгуде		

Іске пайдалану

Оңай бастау қадамы

1. Кептіргішті қосу үшін **Қуат** түймесін басыңыз.
2. **Цикл таңдау** тетігін бұрап циклды таңдаңыз.
3. Қажет болса цикл параметрлерін (**Уровень сушки (Құрғақтық деңгейі)** және **Время (Уақыт)**) өзгертіңіз.
4. Опция ретінде, тиісті түймелерді басып, (**Защита от сминания (Қыжымданудан сақтау)**, **Подсветка барабана (Шам)**, **Сигнал смешанной загрузки (Аралас мата қоңырауы)**, and/or **Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)**) опцияларын қосуға болады.
5. **Бастау/Үзіліс** түймесін басып тұрыңыз. Кептіргіштің индикаторы қосылып, циклдің болжаулы уақыты дисплейде пайда болады.



ЕСКЕРТПЕ

Опция және параметр мәндерінің қолжетімділігі циклге қарай әр түрлі болады.

Циклды жұмыс істеп тұрған кезінде өзгерту

1. Жұмысты тоқтату үшін **Бастау/Үзіліс** түймесін басыңыз.
2. Басқа циклды таңдаңыз.
3. Жаңа циклды бастау үшін **Бастау/Үзіліс** түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Циклға шолу жасау

Цикл		Сипаттама	Макс. салмақ (кг)	
			DV9	DV8
Хлопок (Мақта мата)		Орташа немесе жеңіл кірлеген мақта мата, төсек жаймасы, үстел жапқыш, іш киім, сүлгі, жейде т.с.с. үшін.	9	8
Хлопок (Мақта мата)	ТУРБО СУШКА (ӨТЕ ҚҰРҒАҚ)	Өте құрғақ етіп кептіруге тиіс ауыр маталарды немесе заттарды пайдаланыңыз.	9	8
	ДЕЛИКАТНЫЕ ТКАНИ (ШКАФҚА) ☐	Бұл циклды мақта мата, іш киім және зығыр (джинс киімдерге ҚАТЫССЫЗ) маталарды кептіру үшін пайдаланыңыз.	9	8
	СУШКА ПОД УТЮГ (ҮТІКТЕУ)	Кептіру циклын киім үтіктеуге жеткілікті дымқыл кезде аяқтайды.	9	8
Синтетика		Орташа немесе шамалы кірлеген, полиэфир (диолон, тревир), полиамид (перлон, нейлон) не басқа ұқсас талшықтардан жасалған блуза, жейде т.с.с. заттарға арналған.	4,5	4
Синтетика	ТУРБО СУШКА (ӨТЕ ҚҰРҒАҚ)	Өте құрғақ етіп кептіруге тиіс ауыр маталарды немесе заттарды пайдаланыңыз.	4,5	4
	ДЕЛИКАТНЫЕ ТКАНИ (ШКАФҚА)	Бұл циклды жейде, блузка, төсектің немесе үстелдің зығыр төсеніш-жапқыштары үшін пайдаланыңыз. (джинс киімдерге ҚАТЫССЫЗ)	4,5	4
	СУШКА ПОД УТЮГ (ҮТІКТЕУ)	Кептіру циклын киім үтіктеуге жеткілікті дымқыл кезде аяқтайды.	4,5	4
ШЕРСТЬ (ЖҮН МАТА) ☹		Тек машинада жууға және кептіргішпен кептіруге болатын жүн мата үшін.	2	2
УЛЬТРА ДЕЛИКАТНАЯ (ӨТЕ НӘЗІК)		УЛЬТРА ДЕЛИКАТНАЯ (ӨТЕ НӘЗІК) цикл іш киімдерге арналған.	1,5	1,5
ВЕРХНЯЯ ОДЕЖДА (СЫРТҚЫ КИІМ)		Тауда, шаңғы тепкенде киетін немесе спорт киімдері сияқты су өткізбейтін киімдерге арналған. Маталарға функциональдық технология негізінде жасалған спандекс, стреч, микро-талшық тәрізді маталар жатады. Бұл кептіру циклын кірлерді кір жуғыш машинаның ВЕРХНЯЯ ОДЕЖДА (СЫРТҚЫ КИІМ) циклымен жуғаннан кейін пайдалануды ұсынамыз.	2	2

Іске пайдалану

Іске пайдалану

Цикл	Сипаттама	Макс. салмақ (кг)	
		DV9	DV8
СПОРТИВНЫЕ ВЕЩИ (СПОРТ КИИМІ)	Купальник тәрізді жеңіл спорт киімдері үшін пайдаланыңыз.	2	2
БЫСТРАЯ СУШКА (ЖЫЛДАМ КЕПТІРУ)	60 мин. кептіру уақыты автоматты түрде орнатылады.	1	1
ТЕПЛЫЙ ВОЗДУХ (ЖЫЛЫ АУА)	Кішкене заттар мен алдын ала кептірілген және қалыпты маталарға арналған 30 минуттық цикл.	-	-
ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА)	Қыздырмай, сергітіп кептіруге арналған маталар үшін.	-	-
ВРЕМЯ СУШКИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ)	ВРЕМЯ СУШКИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ) - қажетті цикл уақытын таңдауға мүмкіндік береді. Цикл таңдау тетігін ВРЕМЯ СУШКИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ) параметріне бұрап, содан кейін Время (Уақыт) түймесін басып, кептіру уақытын орнатыңыз. Время (Уақыт) түймесін қайта-қайта басып, уақыт параметрін шолыңыз. Кептіру уақыты әр 30 минут сайын артып, 150 минутқа дейін барады. Кірді кептіріп болғаннан кейін, оны тағы да кептіргіңіз келуі мүмкін. Кептіру уақытын ұзарту үшін ВРЕМЯ СУШКИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ) циклын таңдаңыз. Цикл уақыты кірдің жағдайына байланысты өзгереді.	-	-

ЕСКЕРТПЕ

Жақсырақ кептіру нәтижелеріне қол жеткізу үшін, кірді кептірмей тұрып, астарын сыртына аударыңыз. Кептіргішке тым көп кір салғанда, нәтижелері осындай болмайды.

Кептіру бойынша нұсқаулық

Арнайы күтімді қажет ететін заттарды кептіргенде, күтім көрсету нұсқауларын не өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Заттың күтім көрсету нұсқаулары болмаса, келесі ақпаратты нұсқау ретінде пайдаланыңыз.

Төсек жаймалары және сырма көрпе	- Күтім көрсету нұсқауларын орындаңыз немесе Хлопок (Мақта мата) (ДЕЛИКАТНЫЕ ТКАНИ (ШКАФҚА) □) және Жоғары температураны пайдаланып кептіріңіз. - Пайдалану не сақтау алдында, заттың әбден кепкеніне көз жеткізіңіз. - Біркелкі кептіру үшін қайта орналастыру қажет болуы мүмкін.
Көрпелер	Хлопок (Мақта мата) (ДЕЛИКАТНЫЕ ТКАНИ (ШКАФҚА) □) параметрін пайдаланып, кептіру нәтижесі жақсы болуы үшін, бір циклда тек бір көрпені кептіріңіз. - Пайдалану не сақтау алдында, заттың әбден кепкеніне көз жеткізіңіз.
Шүберек жаялықтар	Жұмсақ, мамық жаялықтарды кептіру үшін Хлопок (Мақта мата) (ДЕЛИКАТНЫЕ ТКАНИ (ШКАФҚА) □) және Жоғары температура параметрлерін пайдаланыңыз.
Мамық толтырылған заттар (күртешелер, кэмпинг қап төсектері, көрпелер, т.б.)	Хлопок (Мақта мата) (ДЕЛИКАТНЫЕ ТКАНИ (ШКАФҚА) □) және Төмен не Төмен температураны пайдаланыңыз. - Бірнеше құрғақ сүлгілерді қоссаңыз, кептіру уақыты қысқарады және ылғалды сіңіріп алады.
Көбікті резеңке (төсеніш, жұмсақ ойыншықтар, иық төсеніштері, т.б.)	 ЕСКЕРТУ - Қызу параметрін қолданып КЕПТІРУГЕ БОЛМАЙДЫ. ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА) циклын (қызусыз) пайдаланыңыз. - Резеңке затты қызумен кептіргенде, оған зақым келуі немесе өрт қаупі пайда болуы мүмкін.
Жастықтар	Хлопок (Мақта мата) (ДЕЛИКАТНЫЕ ТКАНИ (ШКАФҚА) □) параметрін пайдаланыңыз. - Кептіру циклын оңайлату және заттарды мамықтай ету үшін бірнеше құрғақ сүлгі қосып салыңыз. - Капок немесе резеңке жастықтарды қызумен КЕПТІРМЕҢІЗ. ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА) циклын пайдаланыңыз.
Пластик (душ пердесі, дала мебелінің қаптамалары, т.б.)	ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА) немесе ВРЕМЯ СУШКИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ) циклын пайдаланыңыз. Кірді қорғау үшін құрғақтық деңгейі төмендейді.

ІСТЕУГЕ БОЛМАЙТЫН НӘРСЕЛЕР:

- Шыны мақта заттар (перделер, қаптамалар, т.б.).
- Зат белгісіне көрсетілмесе, жүн маталар.
- Көкөніс не тағам пісіретін май сіңген заттар.

Іске пайдалану

Арнайы функциялар

Бала қауіпсіздігінің құралы

Бала қауіпсіздігінің құлпы балаларға кептіргішпен ойнауға жол бермейді.

Қосу/Ажырату

Бала қауіпсіздігінің құралын қосқыңыз/сөндіргіңіз келсе, **Защита от сминания (Қыжымданудан сақтау)** және **Уровень сушки (Құрғақтық деңгейі)** түймелерін 3 секунд бойы қатар басыңыз.

Осы функция қосылған кезде “Бала қауіпсіздігінің құралы ☺” жанады.

ЕСКЕРТПЕ

- Қуат қосылған кезде Бала қауіпсіздігінің құралы функциясы жұмыс істейді.
- Бала қауіпсіздігінің құралы функциясын орнатқаннан кейін, **Қуат** түймесінен басқа ешбір функция, Бала қауіпсіздігінің құралын ағытпайынша жұмыс істемейді.
- Кептіргіш қайта қосылса, Бала қауіпсіздігінің функциясы қосулы тұрады.
- **Қуат** түймесінен басқа түймелер жауап бермей тұрғанда, функцияның қосулы тұрған-тұрмағанын тексеру үшін “Бала қауіпсіздігінің құралы ☺” индикаторы қосулы тұрғанын тексеріңіз.

Кешіктіріп аяқтау

Кептіргішті кептіру циклын кейін автоматты түрде аяқтау үшін, кешіктіріп аяқтау уақытын 1-ден бастап 24 сағат (1 сағаттық қадаммен) аралығында таңдауыңызға болады. Көрсетілген уақыт - кептіру циклі аяқталатын уақытты білдіреді

1. Кептіргіштің параметрін кептірілетін кірдің түріне қарай қолдан не автоматты түрде орнатыңыз.
2. Қажетті кешіктіру уақыты орнатылғанша **Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)** түймесін қайта-қайта басыңыз. Кешіктіру уақыты орнатылса, Кешіктіріп аяқтау функциясы ҚОСУ қалпына қойылады.
3. **Бастау/Үзіліс** түймесін басыңыз. “Кешіктіріп аяқтау ☺” индикаторы жыпылықтайды да, сағат орнатылған уақытқа жету үшін кері санай бастайды.
4. Кешіктіріп аяқтау параметрін біржола тоқтату үшін, **Қуат** түймесін қайта басыңыз да, кептіргішті қайта қосыңыз.

Smart Check

Бұл функция смартфонның көмегімен кептіргіштің қалып-күйін тексеруге мүмкіндік береді.

ЕСКЕРТПЕ

Smart Check функциясы келесі үшін оңтайландырылған:

Galaxy және iPhone сериялары (кей үлгілерде қолдау көрсетілмейді)

Samsung Smart Washer бағдарламасын қотарып алу

Samsung Smart Washer қолданбасын ұялы телефоныңызға Android market немесе Apple App store дүкенінен жүктеп орнатыңыз. Оны "Samsung Smart Washer" сөз тіркесімен оңай таба аласыз.

Smart Check функциясын пайдалану

1. Smart Check функциясын қосу үшін **Время (Уақыт)** және **Сигнал смешанной загрузки (Аралас мата қоңырауы)** түймелерін тексеру күйінде 3 секунд бойы басыңыз. Сонымен қатар, Smart Check функциясын кептіргішті қосқаннан кейін ешбір түйме басылмаса қосуға болады.
2. Дисплейдегі LED сегменттері 2 немесе 3 секунд айналады да, кептіргіштің дисплейінде Smart Check коды пайда болады.
3. **Samsung Smart Washer** бағдарламасын смартфоннан қосып, **Smart Check** түймесін түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

"Smart Check" функциясы, таңдалған тілге байланысты "Smart Care" функциясына ауысуы мүмкін.

4. Кептіргіш дисплейінде көрсетілген Smart Check кодына смартфонның камерасын бағыттаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Кептіргіштің дисплейіне шамның, флюоресцентті шамның жарығы шағылысып тұрса, смартфон Smart Check кодын оңай тани алмауы мүмкін.
 - Егер смартфонды дисплейдің алдына өте кең доғал бұрыш жасап ұстап тұрсаңыз, телефон тексеру кодын тани алмауы мүмкін. Тамаша нәтижеге қол жеткізу үшін смартфонды дисплейге параллель немесе барынша параллель ұстап тұру керек.
5. Егер камераның фокусы дұрыс болса, Smart Check коды автоматты түрде танылады және смартфонда кептіргіштің қалып-күйіне қатысты нақты ақпарат, ақаулық және түзету шаралары көрсетіледі.
 6. Смартфон Smart Check кодын екі реттен артық тани алмаса, кептіргіштің дисплейінде көрсетілген Smart Check кодын Samsung Smart Washer қолданбасына қолдан енгізіңіз.

Күтім көрсету

ЕСКЕРТУ

Кептіргішті бетіне суды тура бүркіп тазаламаңыз. Кептіргішті бензол, сұйылтқыш, спирт не ацетонмен тазаламаңыз.

- Себебі, түсі кетіп, деформацияланып, бүлініп, электр қатері не өрт қаупі пайда болуы мүмкін.

Кептіргішті тазалау алдында қорек сымын ағытуды ұмытпаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Кептіру циклы кезінде, басқару панеліне немесе есікке ылғал тұруы мүмкін.

Қызу алмастырғышты тазалау

Қызу алмастырғыштың беті өткір болғандықтан, жұмсақ шөткемен не шаңсорғышпен тазалаңыз. (Мұны кемінде ай сайын бір рет тазалауды ұсынамыз.)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қызу алмастырғышты дымқыл қолмен ұстамаңыз. Бұлай істемегенде, күйіп қалуыңыз мүмкін.

Басқару панелі

Жұмсақ, дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Жеміргіш заттармен тазаламаңыз.

Тазалағыш заттарды басқару панеліне тікелей шашуға болмайды.

Кейбір кірді не дақты алдын ала тазалауға арналған құралдар, басқару панелінің қаптамасына зақым келтіруі мүмкін.

Мұндай құралдарды кептіргіштен алыста қолданып, төгіліп-шашырап кетсе, дереу сүртіп алыңыз.

Тот баспайтын болаттан жасалған кептіргіш

Тот баспайтын болаттан жасалған кептіргішті тазалау үшін дымқыл шүберекті жұмсақ, тоттанбайтын болат беттерге арналған, түрпілі емес тазалағышқа батырып тазалаңыз.


Жуғыш заттың қалдығын тазалап, таза шүберекпен кептіріңіз.

Кептіргіштің сыртқы жағы


Кептіргіш толығымен жоғары сапалы қаптамамен қапталған. Жұмсақ, дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Жеміргіш заттармен тазаламаңыз. Беткі жағын өткір заттардан қорғаңыз, себебі қаптамаға сызат түсіруі не нұқсан келтіруі мүмкін.

Кептіргішке ешбір ауыр немесе өткір зат, жуғыш зат қорапшасын қоймаңыз. Оларды сатып алған тұғырға немесе жеке сақтау қорабына салыңыз.

Конденсат суды төгу



A. Су сауыты



B. Су төгетін тесік

1. Су сауытын алу үшін алға қарай тартыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Су сауытын құрылғыдан алғанда, **су сауытын (A)** екі қолыңызбен ұстап тұрыңыз, себебі бұл ауыр және сауыттың ішіндегі суды төгіп алмау үшін абай болыңыз. Бұлай істемегенде, қолыңыздың буынына зақым келуі мүмкін.

2. Конденсат суды су сауытының **су төгетін тесігі (B)** арқылы төгіңіз.

- Әр кептіріп болған сайын, су сауытындағы конденсат суды төгіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ


Құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін су төкпесеңіз, су төгіліп қалуы мүмкін болғандықтан, суды төгуді ұмытпаңыз.

📄 ЕСКЕРТПЕ


Су сауытын босатып, **Бастау/Үзіліс** түймесін бассаңыз, LED панеліндегі "Су сауыты" толы индикаторы өшеді.

Күтім көрсету


Қызу алмастырғыштың сүзгісін тазалау





1. Қақпақты (А) ашу үшін кілт не тиынды пайдаланыңыз.



2. Бекіткішті (В) ашыңыз.



3. Қызу алмастырғыштың сүзгісін (С) алыңыз.



⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қызу алмастырғыштың сүзгісін тазалап болып құрастырғанда, бекіткіштің бекіту қалпына қойылғанына көз жеткізіңіз.

4. Қызу алмастырғыштың сүзгісін уақытылы тазаламасаңыз, осыны ескерту үшін дисплей индикаторы қосылы не жыпылықтап тұрады. Мұндай жағдайда қызу алмастырғыштың сүзгісін алып, сүзгіге қыл-қыбыр тұрып қалмағанына көз жеткізіңіз.

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Сүзгіден жөкені алып, оны ағып тұрған сумен жуып тазалаңыз. Сүзгі бөлігін тазалағыш шөткемен тазалаңыз. Сумен тазалап болғаннан кейін, қызу алмастырғыштың сүзгісін қайта орнына салар алдында мұқият кептіріңіз.
 - Қызу алмастырғыштың сүзгісін әр 2 циклды аяқтаған сайын тазалаңыз.
 - Индикатор қосылса не жыпылықтаса, қызу алмастырғышты тексеріп, сүзгіге қыл-қыбыр тұрып қалмағанын тексеріңіз.
5. Мұны жұмсақ шөткемен немесе шаңсорғышпен тазалаңыз. (Мұны кемінде ай сайын бір рет тазалауды ұсынамыз.)

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қызу алмастырғышты дымқыл қолмен ұстамаңыз. Бұлай істемегенде, күйіп қалуыңыз мүмкін.

Ақаулықты түзету

Мыналарды тексеріңіз, егер кептіргіш...

Ақаулық	Шешімі
Жұмыс істемейді.	- Есік бекітпесінің дұрыс құлыпталып тұрғанына көз жеткізіңіз. - Қуат сымының тоғы бар электр розеткасына қосылғанын тексеріңіз. - Үйдегі сақтандырғышты және айырып-қосқыштарды тексеріңіз. - Егер есік цикл кезінде ашылып кетсе, Бастау/Үзіліс түймесін қайта басыңыз. - Конденсат су сауытындағы суды төгіңіз. - Сүзгі корпусын тазалаңыз.
Қыздырмайды.	- Үйдегі сақтандырғышты және айырып-қосқыштарды тексеріңіз. ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА) параметрінен басқа қыздыру параметрін таңдаңыз. - Корпус сүзгісін және қызу алмастырғыштың сүзгісін тексеріп, қажет болса оларды тазалаңыз. - Кептіргіш циклдың салқындату кезеңіне өткен болуы мүмкін.
Кептірмейді.	- Жоғарыда көрсетілгендердің барлығын тексеріңіз, сонымен қатар... - Жүктемесін асырмаңыз. 1 рет кір жуу = 1 рет кептіру. - Ауыр заттарды жеңіл заттардан бөліп сұрыптаңыз. - Көрпе не сырма көрме тәрізді үлкен, ауыр заттарды біркелкі кептіру үшін қайта орналастыру керек болуы мүмкін. - Кірдің суын қажетті мөлшерде сығып шығару үшін, кептіргіштің суды дұрыс төгіп жатқанын тексеріңіз. - Кептіру үшін өте аз кір салынған болуы мүмкін. Бірнеше сүзгі қосып салыңыз. - Сүзгі корпусын тазалаңыз. - Қызу алмастырғыштың сүзгісін тазалаңыз.
Шуыл шығады.	- Кірлерде тиын, босап қалған түймелер, шеге, т.б заттардың бар-жоғын тексеріңіз. Дұрыстап алыңыз. - Кептіргіштің орнату нұсқаулықтарында көрсетілгендей дұрыс деңгейленіп орнатылғанына көз жеткізіңіз. - Кептіргіштің барабаны және желдеткіші арқылы ауа өте жоғары жылдамдықпен өтетін болғандықтан, кептіргіштен ызыңдаған дыбыс шығуы қалыпты жағдай.

Ақаулық	Шешімі
Біркелкі кептірмейді.	- Киімнің қалған жері таңдалған кептіру деңгейіне сәйкес кепкен кезде, киімнің тігісі, қалталары және басқа ауырлау тұстары әбден кеппеуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Қажет болса, ТУРБО СУШКА (ӨТЕ ҚҰРҒАҚ) параметрін таңдаңыз. - Егер ауыр затты жеңіл затпен бірге кептірсе, мысалы бір сүлгіні ақжаймалармен бірге кептірсе, қалған кірлердің барлығы таңдалған кептіру деңгейіне сәйкес кепкен кезде, ауыр зат әбден кеппеуі мүмкін. Жақсы кептіру нәтижелеріне қол жеткізу үшін ауыр заттарды жеңіл заттардан бөліп сұрыптаңыз.
Иіс шығады.	- Бояу, лак, иісі күшті тазалағыш құралдар, т.б. бөлмедегі ауамен бірге кептіргішке кіріп кетуі мүмкін. Желдеткіш бөлмедегі ауаны сорып, оны қыздырып, кептіргіш арқылы өткізіп, содан кейін сыртқа шығаратын болғандықтан бұл қалыпты жағдай. - Ауада осындай иіс тұрған кезде кептіргішті пайдалану алдында, бөлмені әбден желдетіңіз.
Киім кеппей тұрып сөніп қалады.	- Кептіргішке өте аз кір салынды. Бірнеше зат не сүлгі қосып, циклды қайта бастаңыз. - Кептіргішке өте көп кір салынды. Бірнеше кірді алып, кептіргішті қайта бастаңыз.
Киімдерге мамық тұрған.	- Әр кір салудың алдында корпус сүзгісінің таза тұрғанына көз жеткізіңіз. Кейбір мамығы көп кірді салғанда, сүзгіні цикл кезінде тазалау қажет болуы мүмкін. - Кейбір маталардың түгі (мысалы, ақ мамық мақта мата сүлгі) шығатын болғандықтан, оларды қыл-қыбыр ұстап қалатын (мысалы, қара зығыр матадан жасалған шалбар) киімдерден жеке кептіру керек. - Көп мөлшердегі кірлерді кептіру үшін шағын-шағын бөліктерге бөліңіз. - Киімдерді кептіру алдында қалталарын тексеріп кептіріңіз.
Қыжымданудан сақтау циклынан кейін де, киім қыжымданып қалған.	1-4 заттан тұратын шағын заттарды жақсы нәтиже береді. - Бірнеше зат ғана салыңыз. Ұқсас заттарды бірге салыңыз.
Салқын ауа режимінен кейін киімдерде иіс қалады.	Қатты иіс шығатын маталарды жуу керек.

Ақаулықты түзету

Ақпарат кодтары

Ақпарат кодтары кептіргіште орын алған мәселені жақсырақ түсіну үшін көрсетілуі мүмкін.

Код	Мағынасы	Шешімі
tC	Ауа температурасы сенсорын тексеріңіз.	Сүзгі корпусын не қызу алмастырғыш сүзгісін тексеріңіз. Мәселе сонда да шешілмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
tC5	Компрессор температурасы сенсорын тексеріңіз.	2-3 минуттан кейін тоққа қосып, қайта басынан бастаңыз.
dC	Кептіргіш есік ашық тұрғанда жұмыс істеп тұр.	Есікті жауып, қайта бастаңыз. Мәселе сонда да шешілмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
HC	Компрессор қатты қызып кетті.	Сүзгі корпусын немесе жылу алмастырғыш сүзгісін тазалаңыз да, қуатты қосыңыз/өшіріңіз. Егер ақаулық қайталанса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
9C2	Бұл төмен кернеу жағдайында пайда болады.	Қуат сымының қосұлы тұрғанын тексеріңіз. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
5C	Су сауыты суға толып тұр. Су төгетін сорғы істен шыққан.	Су сауытын босатыңыз да, қуат көзіне қайта қосып, қайта басынан бастаңыз. Мәселе сонда да шешілмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Жоғарыда көрсетілмеген код көрініс берсе, немесе ұсынылған шешім ақаулықты түзетуге көмектеспесе Samsung қызмет көрсету орталығына немесе жергілікті Samsung дилеріне хабарласыңыз.

Рұқсаты жоқ техниктерге құрылғыны бөлшектеуге не жөндеуге рұқсат бермеңіз.

Қосымша

Матаға күтім көрсету кестесі

Келесі таңбалар матаға күтім көрсету нұсқаулары ретінде берілген. Киімге күтім көрсету жапсырмаларында кептіру, ағарту, кептіру және үтіктеу не қажет болса, құрғақ күйде тазалауға қатысты нұсқаулар беріледі. Бұл таңбалар отандық және шетелдік киім өндірушілердің затбелгілерінде бірдей қолданылады. Киімді ұзақ пайдалану және жуған кезде ешбір мәселе туындамас үшін, оның зат белгісіндегі нұсқауларды орындаңыз.

Жуу циклы

	Қалыпты
	Тұрақты басу / Қыжымдануға төзімді / Қыжымдануды басқару
	Баппен кептірілетін / Нәзік маталар
	Қолмен жуу

Су температурасы**

...	Ыстық
..	Жылы
.	Суық

ЕСКЕРТПЕ

** Нүктелер әр түрлі заттарға арналған тиісті сумен жуу температурасын көрсетеді. Келесі параметрлерге арналған температура ауқымдары: Ыстық 41-52 °C, Жылы 29-41 °C және Суық 16-29 °C. (Жуғыш затты белсендіру және тиімді жуу үшін жуатын су температурасы кемінде 16 °C болуы керек.)

Ағартқыш

	Кез келген ағартқыш (қажет болғанда)
	Тек хлор қосылмаған (хлор қаупі жоқ) Ағартқыш (қажет болғанда)
	Кептіргіштің кептіру циклы

Қалыпты

	Тұрақты басу / Қыжымдануға төзімді / Қыжымдануды басқару
	Баппен кептірілетін / Нәзік маталар

Арнайы нұсқаулықтар

	Кептіру / Ілу үшін кептіру
	Сорғытып кептіру
	Жатқызып кептіру

Қызу параметрлері

	Жоғары
	Орташа
	Төмен
	Кез келген қызу
	Қызу / Ауа жоқ

Қосымша

Үтіктеу не булау үшін кептіру температуралары

	Жоғары
	Орташа
	Төмен

Кірге қатысты сақтық белгілері

	Жууға болмайды
	Сығуға болмайды
	Ағартуға болмайды
	Кептіргішпен кептіруге болмайды
	Булауға болмайды (үтіктеу кезінде)
	Үтіктеуге болмайды


Құрғақ тазалау

	Құрғақ тазалау
	Құрғақ тазалауға болмайды
	Кептіру / Ілу үшін кептіру
	Сорғытып кептіру
	Жатқызып кептіру

Қоршаған ортаны қорғау

Бұл құрылғы қайта өңдеуден өткізуге болатын материалдардан жасалған. Егер бұл құрылғыны тастағыңыз келсе, жергілікті қоқыс тастау ережелерін орындаңыз. Құрылғыны тоққа қосуға жол бермес үшін қорек сымын кесіп алыңыз. Жануарлар мен кішкене балалар қамалып қалмас үшін, есігін ағытып алыңыз.

Техникалық сипаттама



ТҮРІ		КІР АЛДЫҒЫ ЖАҒЫНАН САЛЫНАТЫН КЕПТІРГІШ	
ӨЛШЕМДЕРІ	A. Биіктігі	85,0 см	
	B. Ені	60,0 см	
	C. Есік ашық тұрған кездегі тереңдігі 90°	109,4 см	
	D. Тереңдігі	60,0 см	
САЛМАҒЫ		50 кг	
ЭЛЕКТР ПАРАМЕТРЛЕРІ		220-240 ВТ / 50 Гц	950-1100 Вт
РҰҚСАТ ЕТІЛЕТІН ТЕМПЕРАТУРА		5-35 °C	

Көрсетілген мақсатта, қалыпты жағдайда қолдану керек

Ұсынылатын қолдану мерзімі: 7 жыл

Өндіруші құрылғының дизайны мен техникалық параметрлерін алдын ала ескертусіз өзгерту құқығына ие

Қосымша

Пайдалану деректері

Үлгі	Бағдарлама	Кірдің салынымы (кг)*	Қуат (кВт-сағ)	Макс. ұзақтығы (минут)
DV9 сериялары	Мақта мата Шкафқа**	9	2,2	190
		4,5	1,12	120
	Мақта мата Үтіктеу	9	1,7	155
	Синтетика Шкафқа	4,5	0,85	78
DV8 сериялары	Мақта мата Шкафқа**	8	1,98	170
		4	1,04	110
	Мақта мата Үтіктеу	8	1,54	140
	Синтетика Шкафқа	4	0,78	72

- * : Кірдің салмағы
** : EN 61121:2013 сынақ бағдарламасы
- Алдына “жұлдыз” қойылмаған деректердің барлығы EN 61121:2013 стандарты бойынша есептелген.

Пайдалану деректері жоғарыда көрсетілген номиналды деректерден кірдің салмағына, матаның түріне, айналдырып болғаннан кейін қалған ылғалдың деңгейіне, электрмен жабдықтау желісіндегі ауытқуларға және қосымша таңдалған опцияларға қарай басқаша болуы мүмкін.

Жадынама

Жадынама

Жадынама



Өндірілген елі: Қытайда жасалған

Өндіруші: Samsung Electronics Co., Ltd /Самсунг Электроникс Ко., Лтд

Өндірушінің мекенжайы: 129, Осеон-Донг, Гуанчсан-Гу, Гуанчжоу-Сити, 16677, Корея, Samsung Gwangju Electronics Co., Ltd

Зауыт орналасқан жер:

1. 501 Сухонг Ист Род, Индастри Паркі, Сучжоу, Цзянсу, П.Р., Қытай немесе

2. 218 Цзэйпу Род, Индастри Паркі, Сучжоу, Цзянсу, П.Р., Қытай, Suzhou Samsung Electronics Co., Ltd.

ҚР аумағында тұтынушылардан шағымдар мен ұсыныстарды қабылдайтын ұйым: «SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA» (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ) ЖШС Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Өл Фараби даңғылы, 36 үй, 3, 4 қабат



Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.



Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

СҰРАҒЫҢЫЗ НЕМЕСЕ ҰСЫНЫСЫҢЫЗ БАР МА?

ЕЛ	ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ	НЕМЕСЕ МЫНА МЕКЕНЖАЙҒА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ:
RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.com/ru/support
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/kz_ru/support
UKRAINE	0-800-502-000	www.samsung.com/ua/support (Ukrainian)
BELARUS	810-800-500-55-500	www.samsung.com/support
GEORGIA	0-800-555-555	
ARMENIA	0-800-05-555	
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799)	
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 9977)	
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 8888)	
MONGOLIA	1800-25-55	
MOLDOVA	+373-22-667-400	



DC68-03709M-04